

К.Б.Жанатаева¹

*¹аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан, Қарасай батыр көшесі, 95 а*

МЫСЫРДЫҢ АЙМАҚТЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ САЯСАТЫ: МЫСЫР ФАКТОРЫ

Аңдатпа

Египеттің осы уақытқа дейін араб әлемінің ынтымақтастығын, саяси бірлігін әрі халықаралық сахнада өзіне бауырлас мемлекеттердің мақсатмүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бар күшжігерін жұмсап келгендігі барша әлемге аян. Бауырлас араб елдері мен қатынасын қайта қалпына келтіру Египет үшін өте маңызды. 1979 жылғы КэмпДэвид келісімінен кейін араб елдерінің тарапынан окшауландыру саясатына ұшыраған Мысыр жаңа үкімет келген соң аймақтық көшбасшылығын қайта қайтаруды көздей отырып, достық сипатта өз қатынастарын біртіндеп жандандыра түсті. Сондайақ Египет Араб Республикасы Таяу Шығыс аймағындағы жағдайды да ұтымды пайдалана білді. Египеттің араб елдерімен қатынасына екі жақта мүдделі еді. Бір аймақта орналасқан бауырлас мемлекеттер ің ұзақ мерзімде бірінсізбірі өмір сүруі де мүмкін емес болатын. Бұл аймақтағы елдер әлеуметтікэкономикалық және де мәдени дамуы жағынан бірі-біріне тәуелді екені сөзсіз.

Түйін сөздер: Мысыр, араб елдері, Араб Елдері Лигасы, Ислам Конференция Ұйымы, Парсы Шығанағы Араб Елдерінің Ынтымақтастық Кеңесі, Араб Ынтымақтастығы Кеңесі, сыртқы саясат

K.B. Zhanatayeva¹

*¹senior lecturer, Kazakh national university named after Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan*

EGYPT POLICY IN REGIONAL ORGANIZATIONS: EGYPTIAN FACTOR

Abstract

Egypt is still one of the most important parts of the Arab world, political unity and solidarity. The whole world knows that all efforts has been made to ensure the interests and security of fraternal states in the international arena. Restoring fraternal Arab relations is very important for Egypt. Egypt, which was subjected to a policy of Arab isolation following the conclusion of the Camp David agreement in 1979, gradually strengthened its friendships, seeking to restore regional leadership after the advent of a new government. The Arab Republic of Egypt also took advantage of the situation in the Middle East. Egypt was interested in bilateral relations with Arab countries. The fraternal states located in one region could not live long without each other. The countries of the region undoubtedly depend on each other in terms of socio-economic and cultural development.

Keywords: Egypt, Arab countries, League of Arab countries, Organization of the Islamic Conference, Gulf Cooperation Council, Arab Cooperation Council, foreign policy

К.Б.Жанатаева¹

*¹старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

ПОЛИТИКА ЕГИПТА В РЕГИОНАЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: ЕГИПЕТСКИЙ ФАКТОР

Аннотация

До сих пор Египет является одной из важнейших частей арабского мира, политического единства и солидарности. Всему миру известно, что были предприняты все усилия для обеспечения интересов и безопасности братских государств на международной арене. Восстановление братских арабских отношений очень важно для Египта. Египет, который

подвергался политике арабской изоляции после заключения соглашения в Кэмп-Дэвиде в 1979 году, постепенно укреплял свои дружеские отношения, стремясь восстановить региональное лидерство после прихода нового правительства. Арабская Республика Египет также воспользовалась ситуацией на Ближнем Востоке. Египет был заинтересован в двусторонних отношениях с арабскими странами. Братские государства, расположенные в одном регионе, не могли долго жить друг без друга. Страны региона, несомненно, зависят друг от друга с точки зрения социально-экономического и культурного развития.

Ключевые слова: Египет, арабские страны, Лига Арабских стран, Организация исламской Конференции, Совет сотрудничества стран Персидского залива, Совет арабского сотрудничества, внешняя политика.

1. Кіріспе. 1979 жылы 26 наурызда Египеттің Вашингтонда Израильмен бейбіт бітімге қол қоюы араб әлемі тарапынан наразылық тудырды. Әсіресе, таяушығыс шиеленісіне қатысы бар Палестинаны Азат ету ұйымы, Сирия, Ливан және Иордания сынды араб елдері Мысырдың бұл келісімін қатты сынға алды. Судан, Оман және Сомали елдерінен басқа араб әлемі Каирмен дипломатиялық қатынасын үзген еді. Кейіннен Судан да келісімді айыптаушылар қатарына қосылды. 1979 жылы 27 наурызда араб елдерінің экономика және сыртқы істер министрлері қатысқан Бағдатта өткен конференцияда Египетті Араб Елдері Лигасы (АЕЛ) мүшелігі қатарынан шығарып, оның штаб-пәтерін Каирден Туниске ауыстыру туралы шешім қабылданды. Оның жаңа хатшысы болып тунистік Шедли Қлиби тағайындалды.

Бұл шешімді араб елдері Египеттің өзі ұсынған ұсынысы бойынша, яғни 1950 жылы қабылданған шешімге сүйене отырып, жүзеге асырған еді. Онда араб елдері Израильмен сепараттық келісім немесе келіссөзге қол қоймауы, ал бұндай қадамға барған кез-келген араб елі Лига қатарынан шығарылатыны айтылған [1]. Сонымен қатар Египет Ислам Конференция Ұйымы мүшелігінен де (ИКУ) шығарылды.

Египет геосаяси жағынан араб әлемінің нақ ортасында болғандықтан, араб елдерінің окшауландыруы оның шекарасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп, әлеуметтік-экономикалық күшiнiң өсуі үшін мүмкіншіліктерін шектеді.

Египеттің Израильге қарсы күрес бойынша одақтастар қатарынан шығуы, оның Таяу Шығыстағы жетекшілік ету позициясының жоғалуына әкелді. Мысыр елі басшысының бұл саяси қадамы қымбатқа түсті. Әнуар ас-Садат 1981 жылы 6 қазанда жыл сайын өткізілетін әскери шеруде экстремистер қолынан қаза тапты.

2. Әдістеме. Зерттеу барысында Әнуар ас-Садаттың билігінен кейінгі саясаттың шынайы бағасын бағамдауда, әрі Мысырдың аймақтық ұйымдардағы негізгі көздеген саясатын объективті тұрғыда көрсету үшін тарихи-салыстырмалы, дәуірлеу әдісі (диахрониялық әдіс), тарихи-сипаттамалық әдістері қолданылды.

3. Нәтижелер. 1981 жылы қарашада өткен жалпы халықтық референдумда ел президенті болып сайланған Хосни Мұбарак үкімет басына келген соң, жағдай біртіндеп өзгере бастады. Жаңа басшы ең алдымен, аймақ елдерімен белсенді өзара әрекет жасай отырып, Египетті араб елдерінің «аясына» қайта қайтаруды көздеді. Ол араб елдерін Египеттің экономикалық дамуының қажеттілігін өтейтін қаржы қоры ретінде өзіне тартуға ұмтылды. Өйткені Садат билігінің соңғы жылдарында Египеттің араб әлеміндегі, Таяу және Орта Шығыстағы беделі мен ықпалы төмендеп кеткен болатын. Кезінде орыстың ғалымы және дипломаты В. П. Лукин тұжырымдағандай, Египет араб әлеміндегі жалғыз орталық екеніне қарамастан, оның аймақтық саясаты елді тығырыққа тірелтті [2,157].

Елдің сыртқы саяси бағытын сараптай келе, Х. Мұбарак бірінші орынға Египеттің ұлттық мүддесін, екінші орынға араб елдерінің, ал үшінші орынға мұсылман әлемінің мүдделерін қойды. Біртіндеп араб әлеміне деген жақындастық байқала бастады. Мұбарак 1982 жылы Израильдің Ливанға басқыншылығын тоқтатуды талап етті. Ол 1982 жылы қыркүйекте болған Сабр мен Шатилдегі қанды төгістен кейін, өзінің Тель-Авивтегі елшілігін шақыртып алды. Израиль әскерлері Ливан территориясынан толық шығарылғаннан кейін ғана елшілікті қайтаратындығын жариялады. Египет Ливанның барлық саяси күштерін сыртқы қауіп алдында бірігіп, ел тәуелсіздігі үшін жұмыла күресуге шақырды [3,7]. Х. Мұбарак ортақ позиция ұстану мақсатында барлық араб елдерінің қатысуымен конференция өткізуді ұсынды.

Хосни Мұбарак өз елінің мүддесіне жауап беретін саяси бағытты өте сақтықпен жүргізді. Оған бір жағынан, жыл сайын берілетін көмектен айырылып қалмау үшін американдық әкімшілігімен тығыз байланысты сақтау керек болса, екінші жағынан араб елдерінің қатарына Египетті қайта

қайтару мәселесін жылдамырақ шешу керек болды. Оқшаулау саясатынан шығу жолдарын іздеген Египет басшысына араб әлеміне қастық ретінде қабылданбайтын және өз ұлттық егемендігіне де нұқсан келмейтін бағыттарды қатар алып жүруге тура келді. Осылайша жаңа президент тұсында ұлттық және аймақтық мәселелерді шешудің әдістері мен қадамдары өзгерді. ЕАР президентінің көмекшісі Мұстафа әл-Феки айтпақшы «Өз ізашарларына қарағанда Мұбарак бірқалыпты және салиқалы саясат ұстанды» [4].

Хосни Мұбарак араб елдерімен дипломатиялық қатынасты қайта қалпына келтіруді барынша жариялаған жоқ. Ең алдымен, ол БАҚ-дағы араб елдеріне қарсы жайлаған мақалаларға тыйым салды. Егер Садат тұсында Египет араб әлемінсіз де жақсы өмір сүре алады десе, Мұбарак «Египеттің Израильмен дипломатиялық қатынас орнатуы араб әлеміне есіктің жабылғандығы емес» деп түсіндірді. Каирде АЕЛ штаб-пәтерін елге қайта қайтару қажеттілігі туралы идея біртіндеп насихаттала бастады.

4. Талқылау. 1982 жылы қыркүйек айында Мароккода Фес қаласында өткен бүкіл араб мемлекеттерінің бас қосуында Хосни Мұбарак араб бірлігін құруға келісті. Сонымен бірге Х.Мұбарак араб әлемімен қатар, әлемдік қауымдастық істеріне де белсене араласуға шешім қабылдады. Ол көптеген дүниежүзілік экономикалық форумдарға қатысып, Франция және Германия сияқты Еуропаның жетекшілерімен де тығыз байланыс орнатты.

Әсіресе Палестина мәселесін реттеу қатынасында жағдай едәуір өзгерді. Египет басшылығы Палестинадағы араб халқының құқықтарын қанағаттандыру үшін күш салды. Садат пен Бегин ұстанған тұжырымдардан бас тарта отырып, Мұбарак Палестина автономиясын құруға белсене кірісті. Египеттің сыртқы саясатында әсіресе, араб елдеріне қатысты «реинтеграция» саяси бағытында «күт және байқа» тактикасы жүргізілді. Бұл қадам Египет үкіметіне елеулі табыстар әкелді.

Египет президентінің нақты сыртқы саяси бағыты елдің инвестициялық жүйесінің жақсаруына үлкен септігін тигізді. 1983 жылы желтоқсанда Х. Мұбарак мұнай өндіруші елдеріне (Сауд Арабиясы, Ирак, Кувейт, Оман және БАӘ) сапар жасады. Құрамына 24 адам кірген өкілдік жаңа сауда келісімдеріне қол қойды. Сондай-ақ Ливан және Иордания елдерімен де сауда келісімі орнатылды. 80-шы жылдардың ортасына қарай Египет Парсы Шығанағы елдерімен жақындаса түсті. 1985 жылы сұлтан Құбстың билікке келгеніне 15 жыл толған мереке кезінде Египет президенті Оманда Сауд Арабия, Кувейт, БАӘ, Қатар және Бахрейн елдерінің жетекшілерімен кездесті.

1986 жылы қаңтарда Х. Мұбарак БАӘ, Кувейт және Оманға ресми сапар жасады. Кездесу барысында Парсы Шығанағы Араб Елдерінің Ынтымақтастық Кеңесі (ПШАЕЫК) мүшелерімен қаржы-экономика саласында ынтымақтастықты жандандыру қажеттілігі қарастырылды. Каирде Мұбарактың қабылдауымен қырыққа жуық саудиялық бизнесмендер қатысқан арнайы семинар өтті. Оқшаулау саясатын қарамағанның өзінде 1987 жылы ПШАЕЫК елдерінің инвестициясы 1,2 млрд. ег. фунтын (оның ішінде Кувейт 714 млн.ег.ф., Сауд Арабиясы 264 млн.ег.ф., БАӘ 101,6 млн.ег.ф) құрады [5]. 1986 жылдың аяғына қарай Египет пен ПШАЕЫК арасында соғыс өндірісі мәселесі бойынша қатынастар жанданды. 1986 жылы желтоқсан айында Каирге Сауд Арабиясының әскери өкілдері келді. Бір жағынан бұл көрсеткіштер араб елдерінің Египетке қойған экономикалық блокадасы қатаң сипатта болмағандығын көрсетті.

ЕАР-ның аймақтық ұйымға мүшелікті қайта қалпына келтіру барысында қол жеткізген ірі жетістігі араб-израиль шиеленісінде жетекші рөл атқаратын Иорданиямен 1984 жылы қазанда дипломатиялық қатынас орнатуы болды. Өйткені Египет басшылығы Иордания және Марокко елдерінің көмегі арқылы АЕЛ-ға мүшелігін қайта қайтаруға үміттенген болатын.

1983 жылы 9 сәуірде Каирге сауда қатынасын қайта қалыптастыру бойынша келіссөздер орнату үшін Иордания өкілдері келді. Екі жақ бірқатар мәселелерде келісімге келе отырып, 15 сәуірде жаңа египет-иордан сауда келіссөзіне қол қойды [6]. Ол бойынша Египет ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өнімдеріне кедендік салық алынып тасталды. Инвестиция, байланыс және транспорт салаларында біріккен жобалар даярланды.

80-шы жылдардың бірінші жартысында Каир араб әлемі сахнасында белсенділік танытқанымен мүшелікті қайтару үмітіне қол жеткізе алмады. Египет пен Иордания Кэмп-Дэвид үлгісі шеңберінде палестина мәселесін реттестіру мақсатында және бейбіт процесті қайта қалпына келтіру үшін көптеген күш жұмсады. Екі ел басшылығы Иордан корольдігі шекарасында палестинаның автономды мемлекетін құруды ұсынды. Бірақ бұл ұсыныс араб елдері тарапынан қолдау тапқан жоқ. 1984 жылы 30 қаңтарда Иорданияға Египеттің сыртқы істер министрі Исмаил Абд әл-Мажидтің сапары барысында екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы

келіссөзге қол қойылды. Оның негізінде қажеттілік туындаған жағдайда әскери көмек көрсету қарастырылды. Каир мен Амманның стратегиялық серіктестікті орнатуға талпынуы екі елдің 1985 жылы 7-11 сәуір аралығында қарулы күштер жаттығуларын өткізгенінен байқалды. Бұл Египеттің сыртқы саяси бағытындағы тағы да бір жетістігі еді.

Иордания мен Египет арасындағы экономикалық байланыс айтарлықтай нәтиже берген жоқ. Екі ел өкілдерінің 1989 жылғы 30 қаңтардағы және 1990 жылғы 15 шілдедегі кездесуінде тауар айналымын 250 млн. долларға, одан кейін 350 млн. долларға дейін көбейту туралы шешім қабылданды. Шындығында Иорданиядағы мысыр экспорты 1988 жылы 28,8 млн. долларды, ал ЕАР-ғы Иордания экспорты 1988 жылы 21,4 млн. долларды құрады [7]. Осылайша ЕАР-дың араб елдерімен қатынысын реттестіруі Араб ынтымақтығы кеңесінің құрылуына әкелді. 1989 жылы 16 ақпанда Бағдадта өткен конференцияда Египет, Ирак, Иордания және Йемен елдерінің басшылары Араб Ынтымақтастығы Кеңесін (АЫК) құру туралы мәлімдеді. Кеңестің біріккен мәлімдемесінде бұл жаңа ұйым АЕЛ шеңберінде әрекет ететіндігі жарияланды. Жаңа ұйымның мақсаты Кеңеске мүше елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін көтеру, олардың арасындағы ынтымақтастықты жандандыру және бір-бірінің ішкі ісіне араласудан бас тарту болды. Сонымен бірге Кеңес өз алдына саяси және соғыс міндеттерін қоймайтындығын атап өтті [8,176].

Төрт мемлекет басшылары одақты құру ең алдымен экономикалық сипатқа ие екендігін атап көрсетті. Кеңестің мүшелері бірлескен экономикалық жоспарлар даярлау, тарифтерді азайту және ішкі рыноктарды біріктіру міндеттерін алға қойды. Сондай-ақ АЫК заңында жалпыарабтық қауіпсіздікті нығайту қажеттілігі туралы да айтылды.

Египеттің ұйымдағы белсенді мемлекет Иракпен өзара байланысы жалпы арабтық істерге де қатысты өрбіді. Екі ел басшылары ұзақ жылдар бойы араб әлеміндегі жетекшілікке бәсекелес тудырғаны құпия емес еді. Бұл екі ел арасындағы қатынастың толыққанды жүргізілуіне кедергі келтірді. Садаттың Израильмен бейбіт бітімге қол қоюы Египет-Ирак қатынасын тіпті нашарлатып жіберді. Бірақ Каир мен Бағдадтың арасындағы қатынас 1980-1988 жылдардағы иран-ирақ соғысы кезінде өзгерді. Парсы Шығанағы елдерімен қоса, Египет бұл соғыста Иракты қолдап, оған қаржылай және әскери көмек көрсетті. Бағдад пен Каирдің арасындағы ресми байланыстың жоқтығына байланысты Египет президенті 1983-1986 жылдары Иракқа барды. Соғыс жылдарындағы екі елдің арасындағы қатынас негізінен әскери көмек саласында дамыды. Соғыс жылдары Иракқа көптеген соғыс техникалары сатылған болатын.

1984 жылы шілде-қыркүйек айларында минадан 19 сауда кемесі жарылуына байланысты Египет Иран мен Ливияны Қызыл теңіз бен Суэц каналындағы теңіз жолдарына мина қойды деп айыптады. Бұған жауап ретінде 1985 жылы шілдеде Муаммар Каддафи Ливияда жұмыс істейтін 100 мың египет азаматтарын еліне қайтарды. Жауап ретінде Мысырда Ливияға қатысты осындай шараны қолданды [9]. Екі ел қатынасы одан әрі ушыға түсті. 1985 жылы желтоқсанда Египет Мальтада өзінің ұшағын лаңкесшілердің жаулап алуына байланысты Ливиямен шекараға қарулы күштерін топтастырды. Екі бауырлас елдердің бұл шиеленісі араб елдері бейбіт түрде араласпағанда үлкен қауіпке айналатыны сөзсіз еді.

Уақыт өте, Таяу Шығыста қалыптасқан шиеленісті жағдайда, көптеген араб елдерінің басшылары Египетті арабтардан оқшауландыруға тек Израиль мүдделі екенін түсіне бастады. ЙАР президенті Али Абдалла Салех өзінің сұхбатында, «қазіргі Египет Кэмп-Дэвид үшін жауап бермейтіндіктен», ЕАР-ның АЕЛ-ға мүшелігін қайта қайтару туралы ұсынысты қолдайтындығын жариялады [10,20].

Египет басшылығы үшін ИКҰ-ға мүшелікті қайтаруының маңызы зор болды. 1985 жылы қарашада Каирде Мұхаммед (ғ.с.с) сүннеттері мен тұрмыстық мәселелері бойынша ІҮ дүниежүзілік конференция өткізілді. Осы конференциядан кейін египет президенті салиқалы мұсылман басшысы ретінде танылып, 1987 жылы қаңтарда Кувейтте өткен мұсылман елдерінің мемлекет басшыларының конференциясына қаттысуға шақырылды. Бұл конференцияға Мұбарактың қатысуы, оны мұсылман елдерімен етене жақындастыра түсті. 11 қарашада Амманда өткен жалпыарабтық саммитте АЕЛ мүшелеріне жеке тәртіп бойынша ЕАР-мен ресми түрде қатынастарын қалпына келтіруге рұқсат етілген қарар қабылданды. Көп ұзамай 1987 жылдың аяғында Сауд Арабиясын қосқанда тоғыз араб елдерімен дипломатиялық қатынас қалпына келтірілді. Қалған сегіз елді БАӘ, Ирак, Кувейт, Марокко, ЙАР, Бахрейн, Мавритания және Қатар құрады. Осындай араб елдерінің жаппай Египетпен қатынасын қайта орнатуы бір жағынан, Иран қауіпіне байланысты болғаны сөзсіз. Иранның шығанақтағы араб елдеріне қауіп төндіруінен туындаған шиеленісті жағдайды әлсірету мақсатында Мұбарак 1988 жылы қаңтарда Парсы Шығанағының бірқатар елдерін аралады. Өзінің ресми сапары барысында ол Шығанаққа төнген

кез-келген агрессия Египетке төнген қауіп деп түсіндірді [11]. 1988 жылдың басына қарай Египет АЕЛ-ге мүше 21 мемлекеттің 14-мен толық дипломатиялық қатынас орнатты.

Негізінен, АЫК-нің және сондай-ақ бір уақытта Арабтық Мағриб Одағының (АМО) құрылуы араб елдерінің сыртқы күштер алдында ғана емес, экономикалық салада терең өзара әрекет етуі үшін де бірігуге ұмтылғандығын айтады.

1989 жылы 17 ақпанда Солтүстік Африка елдері басшыларының Марракеште өткен екінші кездесуінде АМО құрылғандығы жарияланды. Одақ құрамына Алжир, Ливия, Мавритания, Марокко және Тунис елдері кірді. Нәтижесінде одақты құру туралы келісімге, оның құрылуы туралы декларацияға және үлкен мағриб комиссиясы жұмыстарының қорытындысы бойынша резолюцияға қол қойылды.

1989 жылы 22-26 мамырда Касабланкада өткен араб елдері басшыларының төтенше кездесуінде АЕЛ-ға Египетті қайта қайтару туралы шешім қабылданғаннан кейін Каирмен дипломатиялық қатынасын қалпына келтірмеген төрт араб елі қалды. Кездесу шешіміне қайшылықты түрде қарсы болған Алжир, Ливан, Ливия және Сирия елдері әлі де болса египет-израиль келісімін үзуді талап етті.

Сирия және Ливия сынды араб елдерінің басшылары өз елдерін араб әлемінің мүдделері мен қауіпсіздігін қорғайтын жетекші араб елдері ретінде таныта отырып, Каирден Кэмп-Дэвид келісімін үзуді талап етті. Өз кезегінде, Мысыр бұл елдерді иран-ирак соғысында араб позициясын ұстанбайтындығы үшін айыптады. Әрі Израильмен бір тақтайға отырғыза отырып, Сирияны Ливандағы шиеленісті жағдайды сақтап отырғаны үшін ашық айыптады.

80-шы жылдардың аяғына дейін Димашық Каирмен қатынасын жөндеуден бас тартып, Египетке қатысты оқшаулау саясатын алып тастау туралы жалпы арабтық шешімге қарсы шықты. Сирия Каирды жалпы араб мүддесін ғана емес, сонымен қатар 1973 жылғы соғыс кезінде кенеттен басқыншылығын тоқтата отырып, сатқындық жасады деп айыптаған болатын.

Бірақ екі жақта аймақтағы жағдайдың тұрақталуын қолдады. Сирия Египетті Батыс әлемімен байланысы және Дамаскке қатысты кейбір араб елдерінің қастандық саясаты үшін қажет етсе, Мысыр жағы палестина мәселесін реттестіруде «сирия картасын» пайдалануда қызығушылық танытты [12, 118].

1989 жылдың маусымына қарай Алжир Египет әкімшілігімен байланыс орнатты. 1989 жылы қыркүйекте Ливия президенті М.Каддафи 16 жылдан кейін Египетке сапарын жасады. Екі ел президенттерінің өзара сапарлары шиеленістің жұмсартылғандығын көрсетті. Каир мен Триполи арасында азаматтық авиация ұшулары қайта қалпына келтіріліп, екі ел шекарасының ашылуы сауда және мәдени байланыстарды кеңейте түсті.

1990 жылы шілдеде 10 шақты жылдай шиеленісті қатынастан кейін Александрия қаласында Сирия мен Египет президенттерінің кездесуі өтті. Осыған дейін мамыр айында Х. Мұбарак Димашық қаласына ресми сапар жасап, стратегиялық маңызы зор египет-сирия қатынасының қалпына келтірілуіне жол ашты.

1990 жылы қазанда Араб Елдер Лигасы 11 жылдан кейін өзінің Каирдегі резиденциясына қайтарылды. Бір жылдан кейін 1991 жылы 15 мамырда Каир өкілі, доктор Ахмед Исмаат Абд әл-Мажид АЕЛ бас хатшысы болып тағайындалды. Араб елдерінің сыртқы істер министрлерінің кешкі мәжілісінде АЕЛ-ның штаб-пәтерін Тунистен Каирге қайтару 31 қазанға дейін жүзеге асырылуы керектігін ұйғарды.

1991 жылы наурыздың аяғында он екі жылдық үзілістен кейін Каирде АЕЛ-ның пленарлық мәжілісі өтті. Оған ұйымның мүшелерінің барлығы, тіпті Ирақта қатысты. Онда жалпы арабтық мүддесін алға қоятын ұйым ретінде АЕЛ-ның беделін қайтару керектігі жарияланды. Бұл кездесу аяқталғаннан кейін Каирге Сирияның президенті Хафез Асад келді. Аймақтық екі жетекші мемлекеттің басшылары Таяу Шығыстағы бейбітшілік пен тұрақтылықты күшейту мақсатында араб елдерінің әрекеттерін үйлестіру жобаларын талқылады. Сондай-ақ аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша халықаралық конференция шақыру мәселесі қарастырылды.

5. Қорытынды. Садаттың Вашингтонның делдалдығы арқылы Израильмен бейбіт бітімге қол қойған саяси қадамына әлі күнге дейін әртүрлі баға беріледі. Бұл келісім Египет үшін де, жалпы араб әлемі үшін де жағымды және жағымсыз салдары болды. Егер кейбір ғалымдар, Кэмп-Дэвид шарты шындыққа негізделіп, бұл соғыс өртінен шиеленісті бейбіт жолмен шешуге бағытталған қадам, сондықтан да араб елдерінің египет басшылығын айыптауы саяси қателіктен туындаған деп көрсетеді. Керісінше кейбір ғалымдар Садаттың бұл қадамын ұлттық мүддені жалпыарабтық мүддеден жоғары қойды деп бағалайды.

Араб елдері арасындағы жоғарыда аталған және басқа да бірқатар шиеленісті мәселелер Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстағы мемлекет аралық қатынастардың дамуына кері әсерін тигізеді. Әрі аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде нұқсан келтірді. Арабаралық қатығыстар мемлекет аралық қатынастарда үлкен тоқырауға ұшыратып, дипломатиялық қатынастардың үзілуі мен жеке мемлекеттер арасындағы соғыс өртінің тұтануына әкелді. Араб елдері басшыларының жиі өзара келіспеушілігі Таяу Шығыс аймағындағы бейбітшілікке кері әсерін тигізетін факторлардың бірі болып саналды.

Араб елдері арасындағы тығыз ынтымақтастық тек барлық араб елдері тек араб бірлігі үшін әрекет еткенде ғана одан әрі кеңейтіле түседі. Бұндай араб әлемі арасындағы саяси диалог барлық араб елдері, саяси қозғалыстар және партиялар дерліктей түгел қатысқанда ғана шешімін тауып, қалыптасқан жағдайды өзгерте алатыны сөзсіз.

Ал бүгінгі таңда арабтар таяушығыстық шиеленісті тығырықтан шығуға мүмкіндік беретін біріккен ұстаным даярлай алмай отырғаны аян. Бірақ аймақтық қауіпсіздікке тек араб елдері жағы ғана жауап бермейтінін айта кеткен де жөн. Араб елдерінің бір-бірімен тығыз өзара әрекеті тек қана таяушығыс шиеленісін ғана шешіп қоймай, сонымен бірге араб әлеміндегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді ығыстыруда айтарлықтай пайда әкелетін Мысыр елі кезінде жақсы түсінген еді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1) القاهرة، اجتماع قرار لرؤساء الدول والحكومات، القاهرة، 1989.-заңнамалық құжат
- 2) Лукин В. П. Центры силы. Концепции и реальность.- М.: Международные отношения, 1983.- 157 с.-кітап
- 3) *The Egyptian Point of View on International Issues. Egyptian Moves in International Arena. Arab Republic of Egypt. Ministry of Information Cairo. 1985.- 7 p.-құжат*
- 4) *Al-Ahram Weekly. Nevine Khalil. 11-17 October 2001. Issue № 555.-бюллетень*
- 5) *الأهرام 12/04/1987, газет-*
- 6) *Al-Ahram.- April, 15, 1983.-газет*
- 7) *Al-Ahram.- November, 28, 1990.-газет*
- 8) Гусаров В.И. Экономическая независимость арабских стран.- М.: Международные отношения, 1993.- 176 с.-кітап.
- 9) *Al-Ahram.-July, 30, 1984.-газет*
- 10) Салех Али Абдалла. *Набхасу маа аден мушклията авдати саясин альф назих джануби// Аль-Анба.- 20.12. 1986.- 20 с.-газет мақаласы*
- 11) *يوليو. فكر مبارك السياسة الخارجية ١٩٩٩-бюллетень*
- 12) Егорин А.З. *Кризис в Персидском заливе и его влияние на Ближневосточную обстановку.- М.:Знание, 1990.- 118 с.-кітап*